

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

1 мамыр бірлік күніне тәрбие сағаты. "Бірлік бар жерде - тірлік бар"

ЖАРИЯЛАНДЫ 23.04.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР 1 мамыр, балаларға арналған тәрбие сағаты, бастауыш сынып, білім беру, бірлік күні, бірлік пен татулық, достық, достық мерекесі, көпұлтты Қазақстан, Қазақстан халықтарының бірлігі, мектеп, мектеп шарасы, мерекелік тәрбие сағаты, патриоттық тәрбие, тәрбие сағаты, тәрбие сағаты сценарий, тәрбиелік іс-шара, ұлттар достығы, ұлттық мәдениет, ұлттық тәрбие	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/178252/
---------------------------------	---	---

Тәрбие сағатының тақырыбы:

«Бірлік бар жерде - тірлік бар»

Мақсаты:

- Оқушыларға Қазақстан халқының бірлігі мен татулығы туралы түсінік беру;
- Ел ішіндегі түрлі ұлттардың достығын, мәдениеттерінің байлығын таныту;
- Патриоттық сезімді ояту, достыққа, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Қазақстан картасы, түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық киімдердегі суреттері, нақыл сөздер, бейнероликтер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Амандасу.
- Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіз айтады.

Мұғалім сөзі:

– Балалар, бүгін біз еліміздегі ең маңызды, ерекше мерекелердің бірі – **1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне** арналған тәрбие сағатын өткіземіз. Бұл күн – елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерінің өзара түсіністігі мен татулығының мерекесі.

II. Кіріспе әңгіме

Мұғалім:

– Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Біздің елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Осы ұлттардың бәрі бір шаңырақ астында өмір сүріп, бір-бірінің дәстүрлерін құрметтейді. Бұл – Елбасымыздың және Қазақстан халқының даналығы мен бірлігінің арқасы.

III. Презентация немесе бейнеролик көрсету

(Қазақ елі, Достық үйі, түрлі ұлттардың биі немесе әні)

IV. Оқушылардың орындауында көріністер мен өлеңдер

1-оқушы:

Мамырдың бірі, достық күні
Ән салып, билеген халықтың үні.
Тұтасып, тойлаған ұлттар,
Керемет мереке, **мамырдың** бірі.

2-оқушы:

Болсын жер мен су да ортақ.
Болсын біздің ту да ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.

V. Ұлт өкілдері туралы шағын көрініс

Әр оқушы бір ұлттың киімін киіп, өз ұлтының амандасу дәстүрі мен

ұлттық тағамын таныстырады.

VI. «Бірлік - байлық негізі» ойыны немесе сахналық көрініс

Оқушылар бірігіп бір үйді (шаңырақты) бейнелейтін көрініс көрсетеді. Әр оқушы - бір кереге, уық, шаңырақ сияқты. Бұл - әр ұлттың бір үйді құрап тұрғаны секілді.

VII. Мақал-мәтелдер сайысы

Балалар кезекпен қазақша және орысша (немесе басқа тілде) бірлік туралы мақал-мәтелдер айтады.

VIII. Қорытынды

Мұғалім сөзі:

- Балалар, бүгін біз Қазақстандағы барлық ұлттардың бірлігі мен достығы туралы көп нәрсе білдік. Еліміздің бейбітшілігімен тұрақтылығы - біздің басты байлығымыз. Сол бірлікті сақтап, болашақта еліміздің абыройын асқақтатар азамат болуларыңа тілектеспін.

Хормен:

Бірлік бар жерде - тірлік бар!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.